

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар
жөніндегі Ұлттық комиссиясы
Директоратының

1999 жылдың 24 маусымындағы
№ 353 Қаулысымен

Бекітілді

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ мүшелері
жалпы жиналысының шешімімен

(1999 жылдың 07 маусымындағы
№ 3 хаттама)

Қ а б ы л д а н д ы

1999 жылдың 05 шілдесінен бастап

Қолданысқа енгізілді

Даулар мен шиеленісулерді шешу тәртібі
және Биржаның Төрелік комиссиясы туралы
ҚАҒИДА

ТҮЗЕТУ ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2002 жылдың 09 сәуіріндег келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ "К", "Р", "Н" санаттағы мүшелер жиналысының шешімімен бекітілді (2002 жылдың 11 сәуіріндегі № 2 хаттама);
- 2002 жылдың 02 мамырында қолданысқа енгізілді.

2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы №1(з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздері ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.

3. № 2 өзгертулер:

- Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігімен 2004 жылдың 26 сәуірінде келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2004 жылдың 09 сәуіріндегі № 8 хаттама) бекітілді;
- 2004 жылдың 27 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

4. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2005 жылдың 14 сәуіріндегі № 7 хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" аталған барлық жерлерде ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздері ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" акционерлік қоғамы" деген сөздеріне тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ" деп ауыстырылды.

Осы Қағида "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының (бұдын әрі – Биржа) ішкі құжаты болып табылып, Биржада жасалған мәмілелер бойынша және олар бойынша есеп айырысу мәселелері бойынша Биржа мүшелері арасында, Биржа және оның мүшелері арасында туындайтын даулар мен шиеленісулерді шешу тәртібін анықтайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Осы Қағидада қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:

(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен алып тасталған);

"Кінәлі тарап" – Биржа немесе, тиісті түрде төлем жасамаған Биржа мүшесі;

"Комиссия" – Биржаның құрылымнан тыс тұрақты қызмет ететін, Биржаның Төрелік комиссиясы;

"Төлемді тиісті түрде орындамау" – төлемді уақытылы орындамау, немесе толық орындамау, немесе тиісті мекен-дайға орындамау;

"Төлем" – ақшалай төлем (теңгемен немесе шетел валютасымен) немесе сауда-саттық барысында жасалған мәміле бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында бағалы қағаздарды аудару;

"Жәбірленуші тарап" – құқықтары төлемді тиісті орындамау арқылы бұзылған Биржа немесе Биржа мүшесі.

"Тараптар" – жәбірленуші және кінәлі тараптар.

I бөлім. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Комиссияның мақсаты Биржа мүшелері арасында, Биржа мен оның мүшелері арасында туындайтын, келіссөздер арқылы шешілмеген (Биржадағы мүшелікті уақытша тоқтату немесе тоқтату мәселелеріне байланысты даулар мен шиеленісулерді қоспағанда), даулар мен шиеленісулерді шешу болып табылады.
2. Өз қызметінде Комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын, Биржаның жарғысын, осы Қағиданы және Биржаның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
3. Биржада қор нарығы және валюталық қор нарығы жөніндегі Комиссиялар құрылады.
4. Қор нарығы мен Валюталық қор нарығы жөніндегі Комиссиялардың мүшелері мен Төрағаларын Биржалық кеңес тағайындайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
5. Қор нарығы жөніндегі Комиссияның құрамына Биржалық кеңестің екі уәкілі, Биржа Басқармасының бір уәкілі, "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ бір уәкілі және (дуыс беру құқығы бар) хатшысы кіреді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2005 жылдың 14 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
6. Валюталық қор нарығы жөніндегі Комиссияның құрамына Биржа Басқармасының бір уәкілі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментінің бір уәкілі және, осы мақсатта Биржа Басқармасы арнайы белгілеген, Биржаның Заң бөлімінің қызметкері кіреді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
7. Комиссия Төрағасы:
 - қарауға істерді тағайындайды;
 - Комиссия отырысын шақыртып, сонда төрағалық етеді.
8. Комиссия хатшысы шешімдер жобасын құрастырып, іс жүргізуді жүзеге асырады.
9. Даулар мен шиеленісулерді шешкенде Комиссия мүшелері мен Комиссия Төрағасы тәуелсіз бейтарап болулары тиіс.
10. Комиссия және оның мүшелері үшінші тараптарға шешілетін даулар мен шиеленісулер туралы Биржалық кеңестің рұқсатысыз жариялауға және/немесе таратуға құқығы жоқ *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.

Биржалық кеңеске шағымдану кезінде Комиссия шешімін қарау жағдайларында осы норма қолданылмайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертулген)*.

II бөлім. КОМИССИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ПРОЦЕДУРАЛАРЫ

11. Жәбірленуші тарап 5 (бес) жұмыс күн аралығында Комиссияға төлемді тиісті орындамау факті туралы және айыппұл санкцияларын қолдану қажеттілігі туралы немесе айыппұл санкцияларынан бас тартуы туралы өтінішін беруі тиіс.

Егер аталған меозімде өтініш берілмесе, айыппұл санкцияларын талап ету құқығы Биржаға ауысады.

12. Өтініште:

- жәбірленуші тараптың атауы;
- кідірілген төлемнің көлемі;
- төлемнің кідірілген мерзімі;
- айыппұл санкцияларының көлемі;
- қол қойылған күні көрсетілуі тиіс.

Өтінішке уәкілетті ұлға қол қойып, комиссия хатшысына тапсырылады.

13. Кінәлі тарапқа, өтініш алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күн аралығында, Комиссия Төрағасы қол қойған, айыппұл санкцияларын төлеу қажеттілігі туралы ескерту хаты жолданады.

Егер жәбірленуші тарап айыппұл санкцияларынан бас тартқан жағдайда немес өтініш бермесе, кінәлі тарапқа айыппұл санкцияларын төлеу қажеттілігі туралы ескерту хаты жолданбайды.

14. Кінәлі тарап ескерту хатын алған күннен кейін 3 (үш) күн аралығында айыппұл санкцияларын төлеуі тиіс.

III бөлім. КОМИССИЯНЫҢ ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

15. Егер кінәлі тарап ескерту хатында көрсетілген талаптармен келіспесе, немесе төлемді тиісті орындамауға себеп болған, еңсерілмейтін күштер оқиғаларының пайда болуы туралы құжаттары болса, аталмыш мерзімде Комиссия отырысын шақырту талабымен өтініш береді.

16. Осындай өтінішті алған Комиссия Төрағасы, 3 (үш) жұмыс күн ішінде Комиссия мүшелерін жинап, Комиссия отырысын өткізуі тиіс.

17. 14 тармақта белгіленген талаптар орындалмаған жағдайда, Биржа Басқармасы кінәлі тарапты Биржада айналыста жүрген барлық қаржы құралдарының сауда-саттығынан айыппұл санкцияларын төлегенге дейін шеттетуге құқылы.

18. Егер Комиссия осы тараптар арасында, осы даудың заты бойынша, сол негіздер бойынша істі қараған жағдайда, өтінішті қабылдаудан және іс қозғаудан бас тартады.

19. Комиссия отырыс өтетін уақыты мен орны туралы 1 күн бұрын тараптарға хабарлайды.

20. Дауда қарағанда тараптар тең құқықтармен пайдаланды. Тараптардың өкілдері тиісті құжаттарын ұсынуы тиіс. Өтініш беруші шешім қабылданғанға дейін өтінішін қайтарып алуға, талап ететін сомасының көлемін өзгертуге, істі бейбітшілік келісіммен аяқтауға құқылы.

21. Қажетті жағдайда Комиссия сарапшылар мен кеңесшілерді, сондай-ақ дауды толық және жан-жақты қарауға қажетті қосымша құжаттарды ұсынуын талап етуге құқылы.

22. Комиссия отырысы істі қарауға кемінде Комиссияның үш мүшесі қатысқан жағдайда ғана құқықты болып табылады.

23. Кез келген тараптардың бірі кез келген төрешіге, егер оның әділеттілігінде күмәні болса, қарсы болуы туралы уәжделінген өтініш беруге құқылы. Төрешіні шеттету туралы шешімді

- Комиссияның басқа мүшелері қабылдайды. Уәжделінген шеттету сарапшылар мен кеңесшілерге жариялануы мүмкін.
24. Іс бойынша шешім қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады. Дауыстар теңдей бөлінсе Комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Комиссия мүшелерінің шешімі бойынша белгілі бір сұрақтар бойынша құпиялы дауысқа салу өткізілуі мүмкін.
 25. Комиссия шешімі жазбаша түрде рәсімделіп, Комиссия мүшелерінің қолдары қойылып:
 - шешім қабылдаған орны мен датасы;
 - істің нөмірі;
 - тараптардың атауы;
 - дау мен істің қысқаша мән-жайы;
 - шешімнің негіздемесі;
 - шешімді орындау мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.
 26. Шешімге отырысқа қатысқан Комиссия мүшелерінің барлығы қол қояды. Егер қандай да бір Комиссия мүшесі қабылданған шешіммен келіспеушілігін білдірсе, оның айрықша пікірі істе көрсетіледі.
 27. Кейбір жағдайда, шешімге тараптарды уәкілдері де қол қоюы тиіс.
 28. Шешім Комиссия отырысында жарияланып, шиеленісу жағдайының тараптарына 3 (үш) жұмыс күн аралығында беріледі.
 29. Комиссия отырысының өтетін уақыты мен орны туралы тиісті түрде ескертілген тарап, істі қараудың соңына дейін оны дәлелді себептермен кейінірекке қалдыру туралы өтініш білдірмесе, Комиссия отырысына келмеген жағдайда да іс қаралады.
 30. Қажет болған жағдайда, тараптардың өтініші бойынша немесе Комиссия мүшелерінің бастамасымен, іс қарауды кейінге қалдыру мүмкін.

IV бөлім. ШЕШІМДЕРДІ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ

31. Комиссия шешімін орындау тараптарға міндетті болып табылады, олар шешімді белгіленген мерзімде орындауы тиіс. Егер шешімде орындау мерзімі белгіленбесе, бұл шешім 3 (үш) жұмыс күн аралығында орындалуы тиіс.
32. Комиссия қабылдаған шешімге, оны алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күн аралығында Биржалық кеңеске шағымдануға болады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*).
33. Комиссия шешіміне Биржалық кеңеске шағымданған жағдайда, осы шешімді орындау уақытша тоқтатылады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*).
34. Биржа Басқармасының және/немесе Төрелік комиссияның шешіміне шағымдану туралы өтініш, осындай өтінішті Биржаға келіп түскен күннен с кейін 3 (үш) жұмыс күн аралығында Биржалық кеңес қарайды.
35. Егер кінәлі тарап, шешім қабылданған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күн аралығында шешімде белгіленген әрекеттерді жүзеге асырмаса, немесе шешім бойынша Биржа Басқармасына шағымданбаса, бұл Биржа мүшесі Комиссия шешімі орындалмайынша барлық қаржы құралдары бойынша сауда-саттыққа қатысудан шеттеілуі мүмкін.
36. Егер дайлар мен шиеленісулер Комиссия немесе Биржалық кеңес шегінде шешілуі мүмкін болмаса, бұл мәселе сот тәртібінде шешілуі ықтимал (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2004 жылдың 09 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*).

V бөлім. ТӨРЕЛІК АЛЫМ

37. Дауларды қарағаны үшін кінәлі тарап 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төрелік алым төлейді *(осы тармақ Биржа мүшелері жалпы жиналысының 2002 жылдың 11 мәуіріндегі шешімімен өзгертілген).*
38. Төрелік алымды кінәлі тарап айыппұл санкцияларымен қосып Биржаның есеп-шотына аударады (айыппұл санкциялар жәбірленуші тарапқа аудару мақсатында Биржаның корреспонденттік есеп-шотына, ал төрелік алым Биржаның есеп-айырысу шотына аударылады).

Президент

Д.Б.Қарасаев